

## Приложение Е (обязательное)

### Типовая форма договора поставки Товара с условиями оплаты по факту поставки (для нерезидентов РК)

<p style="text-align: center;"><b>Типовая форма договора поставки Товара с условиями оплаты по факту поставки (для нерезидентов РК)</b></p> <p style="text-align: center;">ДОГОВОР № _____</p> <p>г. Караганда _____ 202_ г.</p> <p>_____ именуемое в дальнейшем «Покупатель», в лице _____, действующего на основании _____ № _____ года, и _____ именуемый в дальнейшем «Продавец», в лице _____, действующего на основании _____ с другой стороны, далее по тексту совместно именуемые «Стороны», на основании _____ № _____ заключили настоящий договор (в дальнейшем - Договор) о нижеследующем:</p>	<p style="text-align: center;"><b>Жеткізу фактісі бойынша төлеу шарттарымен Тауарды жеткізу шартының үлгілік нысаны (ҚР бейрезиденттері үшін)</b></p> <p style="text-align: center;">№ _____ ШАРТ</p> <p>Қарағанды қ. _____ 202_ ж. _____</p> <p>Бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын _____ атынан _____ жылғы № _____ негізінде әрекет ететін _____ бір тараптан және бұдан әрі «Сатушы» деп аталатын _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан, бұдан әрі мәтін бойынша бірігіп «Тараптар» деп аталып, _____ № _____ негізінде төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) _____ жасасты:</p>
<p><b>1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА</b></p> <p>1.1. Продавец обязуется по письменным заказам Покупателя продать (поставить) в пользу Покупателя товар (далее по тексту договора "товар"), в количестве и ассортименте, определенными в Приложении (ях) № ____ которое (ые) составляет (ют) неотъемлемую часть Договора, а Покупатель обязуется принять и оплатить товар.</p> <p>1.1.1. Продавец гарантирует, что все поставляемые Товары соответствуют описанию, указанному в приложениях к настоящему Договору. Не допускается поставка товара-аналога (товара - эквивалента).</p> <p>1.1.2. В случае нарушения Продавцом требований к Товару, указанных в пункте 1.1.1 Договора, Покупатель вправе отказаться от принятия товара и/или в одностороннем порядке расторгнуть Договор, без возмещения каких-либо убытков Продавцу. В этом случае, Продавец обязан оплатить Покупателю штраф, предусмотренный пунктом 5.7 Договора.</p> <p>1.2. Если иное не предусмотрено условиями Приложений к настоящему Договору, товар поставляется в собранном виде, позволяющем Покупателю использовать товар по целевому назначению. Если в силу габаритных размеров товара, поставка товара возможна лишь в разобранном виде, Продавец обязан в счет общей стоимости настоящего Договора произвести монтаж разобранного товара на объекте, указанном Покупателем в течение 5 (пяти) календарных дней с даты его поставки. <i>(В случае выполнения помимо поставки шеф-монтажных работ необходимо указать эти работы и определить их стоимость в Договоре).</i></p> <p><i>В случае выполнения помимо поставки шеф-монтажных и пуско-наладочных работ необходимо указать эти работы и определить отдельно их стоимость в Договоре, включив в Договор нижеуказанные пункты следующего содержания:</i></p> <p>1.3. Продавец обязуется в течение 5 (пяти) календарных дней с даты поставки произвести шеф-монтажные (пуско-наладочные) работ в отношении товара, в частности _____ (указать выполняемые работы) (далее – Работы).</p> <p>1.4. Стоимость Работ составляет _____. Данная стоимость работ входит в общую сумму Договора, определенную в пункте 3.1. Договора.</p> <p>1.5. Результат надлежащим образом выполненных Работ, Продавец обязуется передать Покупателю по Акту приемки выполненных работ.</p> <p>1.6. Покупатель обязуется принять надлежащим образом выполненные Работы по Акту приемки выполненных</p>	<p><b>1. ШАРТТЫҢ МӘНІ</b></p> <p>1.1. Сатушы тауарды (бұдан мәтіні бойынша - «Тауар») Сатып алушының жазбаша тапсырыстары бойынша Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын № ____ қосымша(-лар)да белгіленген мөлшерде және ассортиментте Сатып алушының пайдасына сатуға (жеткізуге) міндеттенеді, ал Сатып алушы оны қабылдап алуға және ақы төлеуге міндеттенеді.</p> <p>1.2. Егер осы Шарттың қосымша(-ларының)сының талаптарымен өзгедей көзделмесе, Тауар мақсаттық тағайындалуы бойынша Сатып алушыға пайдалануға рұқсат етілген жинақталған түрде жеткізіледі. Егер Тауардың габариттік мөлшерлеріне байланысты, тауарды бөлшектенген түрде ғана жеткізу мүмкін болған жағдайда, Сатушы осы Шарттың жалпы құн есебінде Сатып алушымен көрсетілген объектіде, оны жеткізу күнінен бастап <b>5 (бес) күнтізбелік күн</b> ішінде бөлшектенген тауарға монтаждау жүргізуге міндетті. <i>(Орындаған жағдайда, Шартта шеф-монтаж жұмыстарын жеткізуден басқа, осы жұмыстарды көрсетуге және олардың құнын белгілеуге тиіс).</i></p> <p><i>Шеф-монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарын жеткізуден басқа жұмыстар орындалған жағдайда, осы жұмыстарды көрсету және Шартқа келесі мазмұндағы төменде көрсетілген тармақтарды қоса отырып, олардың құнын Шартта жеке белгілеу қажет:</i></p> <p>1.3. Сатушы жеткізу күнінен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде тауарға қатысты шеф-монтаждау (іске қосу-баптау) жұмыстарын, атап айтқанда, _____ (орындалатын жұмыстарды көрсету) жүргізуге міндеттенеді (бұдан әрі – Жұмыстар).</p> <p>1.4. Жұмыстың құны _____ құрайды. Жұмыстың бұл құны Шарттың 3.1-тармағында белгіленген Шарттың жалпы сомасына кіреді.</p> <p>1.5. Сатушы тиісті түрде орындалған жұмыстардың нәтижесін Орындалған жұмыстарды қабылдау актісі бойынша Сатып алушыға беруге міндеттенеді.</p> <p>1.6. Сатып алушы Орындалған жұмыстарды қабылдау актісі бойынша тиісті түрде орындалған Жұмыстарды қабылдауға немесе осы Шарттың талаптарынан ауытқу немесе өзге де кемшіліктер анықталған кезде Жұмыстарды қабылдаудан дәлелді бас тартуды мәлімдеуге міндеттенеді.</p> <p>1.7. Сатушыға Шарт бойынша жұмыстардың құнын төлеген кезде Сатып алушы барлық сомандан (Жұмыс құнынан) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес 20% мөлшерлемесі бойынша төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстайды.</p>

<p>работ, либо, при обнаружении отступлении от условий настоящего Договора или иных недостатков, заявить мотивированный отказ от приемки Работ.</p> <p>1.7. На момент оплаты Продавцу стоимости Работ по Договору, со всей суммы (стоимости Работ) Покупателем удерживается корпоративный подоходный налог у источника выплаты по ставке 20 % в соответствии с налоговым законодательством Республики Казахстан.</p>	
<p><b>2. ДЕЙСТВИЕ ДОГОВОРА</b></p> <p>2.1. Продавец, подписывая настоящий Договор, выражает свое безоговорочное согласие на все предусмотренные в нем условия.</p> <p>2.2. Настоящий договор подлежит подписанию уполномоченными представителями обеих Сторон. Настоящий договор вступает в силу с момента направления Покупателем письменного уведомления о вступлении настоящего договора в силу, направленного в адрес Продавца любым из способов: нарочно курьером, экспресс-почтой, по электронной почте, уведомление считается доставленным с даты соответствующей отметки о его доставке. Ненаправление Покупателем вышеуказанного уведомления в адрес Продавца не является нарушением со стороны Покупателя обязательств по Договору, и Продавец не вправе требовать у Покупателя возмещения каких-либо причиненных этим убытков.</p> <p>2.3. Настоящий договор действует до _____ года, а в части гарантийных обязательств, а также в случае наличия каких-либо неисполненных обязательств до полного их выполнения по Договору.</p> <p>2.4. Продавец заверяет и гарантирует, что имеет право и законное основание заключить Договор и выполнить свои обязательства по нему, Договор имеет для него обязательную силу и не нарушает и не противоречит законодательству РК, учредительным документам Продавца или любому иному ограничению, имеющему обязательную силу для Продавца, а также лицо, подписывающее Договор, уполномочено его подписывать от имени Продавца.</p>	<p><b>2. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ</b></p> <p>2.1. Сатушы осы Шартқа қол қою арқылы онда көзделген барлық талаптарға өзінің сөзсіз келісуін білдіреді.</p> <p>2.2. Осы Шартқа екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қоюы тиіс. Осы Шарт Сатушының мекенжайына кез келген тәсілмен: курьер арқылы қолма-қол, экспресс-пошта, электронды пошта арқылы жіберілген осы шарттың қолданысқа енуі туралы жазбаша хабарлама жіберген мезеттен бастап күшіне енеді, хабарлама оны жеткізу туралы тиісті белгі қойылған күннен бастап жеткізілген болып саналады. Сатып алушының жоғарыда көрсетілген хабарламаны Сатушының мекенжайына жібермеуі Сатып алушының тарапынан шарт бойынша міндеттемелерді бұзу болып табылмайды және Сатушы Сатып алушыдан осымен келтірілген қандай да бір шығындарды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.</p> <p>2.3. Осы Шарт _____ жылға дейін, ал кепілді міндеттемелер бөлігінде, сондай-ақ қандай да бір орындалмаған міндеттемелер болған жағдайда оларды Шарт бойынша толық орындағанға дейін қолданыста болады.</p> <p>2.4. Сатушы Шарт жасауға және ол бойынша өзінің міндеттемелерін орындауға құқығы және заңды негіздемесі бар екендігін, Шарттың ол үшін міндетті күші бар және ҚР заңнамасына, Сатушының құрылтай құжаттарына немесе Сатушы үшін, сонымен қатар Сатушының атынан қол қоюға уәкілетті Шартқа қол қоятын тұлға үшін міндетті күші бар кез келген өзге шектеулерге қайшы келмейтіндігін және оларды бұзбайтындығын мәлімдейді және кепілдік береді.</p>
<p><b>3. ОБЩАЯ СУММА ДОГОВОРА И УСЛОВИЯ ОПЛАТЫ</b></p> <p>3.1. Общая сумма Договора составляет _____ и включает в себя все расходы Продавца по Договору.</p> <p>3.2. Детально в соответствии с ассортиментом поставляемого Товара цена за каждую единицу Товара указана в Приложении (-ях) №__ к Договору.</p> <p>3.3. В общую сумму настоящего Договора считаются включенными все расходы, связанные с поставкой товара по Договору, упаковкой, маркировкой, оформлением документов, оплатой различных регистрационных сборов, налогов, таможенных выплат, транспортных, командировочных, банковских расходов, и иных выплат, выплачиваемых Продавцом в связи с исполнением Договора, а также прибыль Продавца. Стоимость товара по Договору не может быть изменена в сторону увеличения ввиду изменения вышеуказанных расходов, в том числе по обстоятельствам, не зависящим от Сторон (предпринимательский риск – убыток), а также в результате какого-либо экономического кризиса, инфляции и/или изменения курса валют и других экономических и/или стихийных факторов. Окончательная сумма Договора складывается из общей стоимости фактически заказанных и принятых Покупателем товаров и не может превышать общую сумму Договора.</p> <p>3.4. Покупатель оплачивает стоимость каждой партии товара в течение 60 (шестьдесят) календарных дней, следующих за датой составления Покупателем акта приемки ТМЦ по количеству и качеству. Основанием для оплаты Покупателем стоимости партии товара служат: Акт приемки ТМЦ по количеству и качеству, подписанный уполномоченными представителями Покупателя, а также оригинал счета-фактуры (инвойса) Продавца на поставленный Товар.</p> <p>3.5. Оплата производится путем перечисления денег согласно реквизитам Продавца, указанным в Договоре. Датой оплаты считается дата снятия денег с расчетного счета Покупателя в пользу Продавца.</p>	<p><b>3. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ШАРТТАРЫ</b></p> <p>3.1. Шарттың жалпы сомасы _____ құрайды және Сатушының шарт бойынша барлық шығындарын қамтиды.</p> <p>3.2. Тауар ассортиментінің әр бірлік бағасы жеткізілетін Тауардың ассортиментіне сәйкес Шарттың №__ қосымша(-ларында)сында егжей-тегжейлі көрсетілген.</p> <p>3.3. Осы Шарттың жалпы сомасына Шарт бойынша тауар жеткізуге, буып-түюге, таңбалауға, құжаттарды ресімдеуге, әртүрлі тіркеу алымдарын, салықтарды, кедендік төлемдерді, көлік, іссапар, банк шығыстарын және Шарттың орындалуына байланысты Сатушы төлейтін өзге де төлемдерді төлеуге байланысты барлық шығыстар, сондай-ақ Сатушының пайдасы енгізілген болып есептеледі.</p> <p>Шарт бойынша тауардың құны жоғарыда көрсетілген шығыстардың өзгеруіне, оның ішінде Тараптарға байланысты емес мән-жайлар (кәсіпкерлік тәуекел - залал) бойынша, сондай-ақ қандай да бір экономикалық дағдарыс, инфляция және/немесе валюта бағамының өзгеруі және басқа да экономикалық және/немесе дүлей факторлар нәтижесінде ұлғаю жағына қарай өзгертілмейді. Шарттың түпкілікті сомасы Сатып алушы нақты тапсырыс берген және қабылдаған тауарлардың жалпы құнынан құралады және Шарттың жалпы сомасынан аспауға тиіс.</p> <p>3.4. Сатып алушы тауардың әр топтамасының құнын Сатып алушы ТМҚ-ны саны мен сапасы бойынша қабылдау актісін жасаған күннен кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде төлейді. Сатып алушының тауар топтамасының құнын төлеуге негіз болып Сатып алушының уәкілетті өкілдері қол қойған саны мен сапасы бойынша ТМҚ қабылдау актісі, сондай-ақ Сатушының жеткізілген тауарға шот-фактурасының түпнұсқасы табылады.</p> <p>3.5. Төлем Сатушының Шартта көрсетілген реквизиттеріне сәйкес ақшалай қаражат аудару жолымен жүргізіледі. Сатып алушының есеп шотынан Сатушының пайдасына ақша алынған күн төлем күні болып саналады.</p>

<p>3.6. Каждая из Сторон самостоятельно оплачивает услуги своего обслуживающего банка и его банка-корреспондента.</p> <p>3.7. Продавец гарантирует Покупателю достоверность реквизитов Продавца, указанных в настоящем Договоре, в противном случае Продавец обязуется возместить Покупателю убытки, которые могут возникнуть у Покупателя вследствие неправильного перечисления сумм оплаты поставленного Продавцом Товара.</p> <p>3.8. Для подтверждения обоснования применения Продавцом налоговой ставки 0% Покупатель в 60-дневный срок с даты получения Товара, указанной в товаротранспортной накладной (при поставке автотранспортом), или с даты штемпеля станции получателя в железнодорожной накладной (при ж/д отправке), направляет Продавцу (факсом и/или почтой и/или электронной почтой) 1 экземпляр электронной формы заявления о ввозе Товара, экспортированного с территорий государств - членов Таможенного союза на территорию Республики Казахстан с отметкой налогового органа Республики Казахстан, подтверждающей уплату косвенных налогов в полном объеме (о наличии освобождения в отношении товаров, которые в соответствии с законодательством Республики Казахстан не подлежат налогообложению при ввозе на таможенную территорию Республики Казахстан).</p> <p>3.9. Наряду с положениями предусмотренными условиями настоящего Договора оплата стоимости Товара по Договору осуществляется только при условии предоставления Продавцом в полном объеме и надлежащим образом оформленных документов, предусмотренных условиями Договора включая, но не ограничиваясь, накладной с визой материально-ответственного лица склада Покупателя или иного документа, подтверждающего факт исполнения обязательств Продавцом по Договору; счета-фактуры; сопроводительной документации и иных документов, предусмотренных условиями Договора. В случае не предоставления Продавцом одного или нескольких документов, предусмотренных Договором, в том числе подписанных Сторонами экземпляров настоящего Договора, подлежащих передаче Покупателю в соответствии с пунктом 7.19 настоящего Договора, оплата по нему соразмерно отодвигается, и ее срок начинает исчисляться со дня предоставления в полном объеме и надлежащим образом оформленных документов.</p> <p><i>При заключении договора с участником Системы электронных торгов, относящегося к третьей категории участников Системы электронных торгов:</i></p> <p>3.10. В качестве обеспечения исполнения обязательств принятых Продавцом по настоящему Договору, Продавец обязуется в срок не позднее 3 (трех) операционных дней с момента подписания обеими Сторонами настоящего Договора уплатить сумму в размере 10 (десяти)% от общей стоимости Товара по Договору путем внесения денег в кассу Покупателя или их перечисления на расчетный счет Покупателя.</p>	<p>3.6. Тараптардың әрқайсысы өзіне қызмет көрсететін банктің және оның банк-корреспондентінің қызметтерін дербес төлейді.</p> <p>3.7. Сатушы Сатып алушыға осы Шартта көрсетілген Сатушының реквизиттерінің дұрыстығына кепілдік береді, кері жағдайда Сатушы Сатып алушыға Сатушы жеткізген Тауар сомасын дұрыс аудармау салдарынан туындауы мүмкін Сатып алушының шығындарын өтеуге міндеттенеді.</p> <p>3.8. Сатып алушы Сатушының 0% салық мөлшерлемесін қолдану негіздемесін растау үшін, Сатып алушы тауар-көлік құжатында (автокөлікпен жеткізген кезде) немесе теміржол жүк құжатындағы алушы станцияның штемпелі басылған күннен бастап (т/ж жолдаған кезде) 60 күндік мерзімде Сатушыға (факспен және/немесе поштамен және/немесе электронды поштамен жанама салықтардың толық көлемде (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелу кезінде салық салуға жатпайтын тауарларға қатысты босату құқығының болуы туралы) төленгенін растайтын, Қазақстан Республикасы салық органының белгісі бар Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына экспортталған Тауарды әкелу туралы электронды нысандағы өтініштің 1 данасын жолдайды.</p> <p>3.9. Осы Шарттың талаптарымен көзделген ережелермен қатар осы Шарт бойынша Тауар құнын төлеу Сатып алушы қоймасының материалды-жауапты тұлғасының визасы қойылған жүкқұжатты немесе осы Шарт бойынша Сатушының міндеттерді орындау фактісін растайтын басқа құжатты; шот-фактураны; ілеспе хатты және Шарттың талаптарымен көзделген басқа құжатты қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей шарттың талаптарымен көзделген, толық көлемде және тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсынған кезде ғана жүзеге асырылады. Сатушы Шартпен көзделген құжаттардың біреуін немесе бірнешеуін, оның ішінде осы Шарттың 7.19-тармағына сәйкес Сатып алушыға берілуге жатағын, осы Шарттың Тараптар қол қойған даналарын ұсынбаған жағдайда ол бойынша төлем сол мерзімге жылжытылады және оның мерзімі толық көлемде және тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсынған күннен бастап есептеледі.</p> <p><i>Электрондық сауда жүйесіне қатысушылардың үшінші санатына жататын электрондық сауда жүйесіне қатысушымен шарт жасасу кезінде:</i></p> <p>3.10. Осы Шарт бойынша Сатушы қабылдаған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде Сатушы екі Тарап осы Шартқа қол қойған сәттен бастап 3 (үш) операциялық күннен кешікпейтін мерзімде Сатып алушының қассасына ақша салу немесе оларды Сатып алушының есеп айырысу шотына аудару арқылы Шарт бойынша Тауардың жалпы құнының 10 (он)% мөлшеріндегі соманы төлеуге міндеттенеді.</p>
<p>4. УСЛОВИЯ ПОСТАВКИ ТОВАРА И ПОРЯДОК ЕГО ПРИЕМКИ.</p> <p>4.1. Поставка товара по настоящему Договору должна быть осуществлена Продавцом автомобильным/железнодорожным транспортом <b>на условиях</b> ___ места назначения, указанные в Приложении № 1 и/или заказе на поставку Товара в редакции Incoterms 2010/2020. <i>(В Приложении обязательно указывать склад в случае доставки товара автотранспортом, и станцию назначения в случае доставки Товара ж/д транспортом, также указывать код ТНВЭД).</i> Транспортные расходы по доставке Товара являются обязанностью Продавца, переход от Продавца на Покупателя права собственности на Товар, а также рисков случайной гибели и/или порчи Товара происходит с момента приемки Покупателем товара по количеству и качеству.</p> <p>4.2. Поставка Товара производится Продавцом только после получения Продавцом соответствующего заказа Покупателя на поставку Товара, в котором указываются: наименование</p>	<p>4. ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ</p> <p>4.1. Осы Шарт бойынша тауарды жеткізу Сатушымен Incoterms 2010/2020 редакциясында № 1 қосымшада және/немесе Тауарды жеткізуге тапсырыста көрсетілген автокөлікпен/теміржол көлігімен ___ тағайындалу орнының <b>шарты бойынша</b> жүзеге асырылуы тиіс. <i>(Қосымшада Тауар автокөлікпен жеткізілген жағдайда қойма және Тауар т/ж көлігімен жеткізілген жағдайда тағайындалу станциясы, сонымен қатар СЭҚТН коды көрсетілсін).</i> Тауарды жеткізу бойынша көлік шығыстары Сатушының міндеті болып табылады, Сатушыдан Сатып алушыға Тауарға меншік құқығының, сондай-ақ Тауардың кездейсоқ жойылу және/немесе бүліну тәуекелдерінің ауысуы Сатып алушы тауарды саны мен сапасы бойынша қабылдаған сәттен басталады.</p> <p>4.2. Сатушы Тауарды жеткізуді Сатып алушының Тауарды жеткізуге тиісті тапсырысын алғаннан кейін ғана жүргізеді, онда: Тауардың атауы; Тауардың саны мен бағасы; тапсырыс берілген</p>

<p>Товара; количество и цена Товара; стоимость заказанного Товара; сроки поставки Товара, место поставки Товара. В случае не направления Покупателем Продавцу заказа на поставку Товара, Продавец не вправе требовать от Покупателя направления такого заказа и не вправе поставлять Товар без получения соответствующего заказа Покупателя. Не направление Покупателем заказа на поставку Товара в адрес Продавца не является нарушением со стороны Покупателя обязательств по Договору, и Продавец не вправе требовать у Покупателя возмещения любых причиненных этим убытков.</p> <p>4.3. Ответ, подтверждающий получение заказа, Продавец обязан направить Покупателю в течение 3 (трех) календарных дней с даты получения соответствующего заказа. В случае не предоставления Продавцом письменного ответа в указанный срок, Покупатель вправе считать заказ аннулированным, без обязательств по приемке и оплате поставленного Продавцом по данному заказу товара. В указанном случае за Покупателем также сохраняется право принять поставленный Продавцом впоследствии товар на ответственное хранение с отнесением на Продавца всех расходов, связанным с хранением товара, его возвратом Продавцу либо реализацией третьим лицам. Заказы на поставку и ответы, подтверждающие возможность их выполнения направляются Сторонами в письменной форме, посредством оперативной связи (факс, e-mail) и только по адресам, телефонам (факсам), указанным в настоящем Договоре.</p> <p>4.4. После подтверждения Продавцом получения заказа на поставку Товара, Покупатель вправе требовать, а Продавец обязан предоставлять Покупателю в кратчайшие сроки информацию о текущем статусе исполнения заказа, местонахождении товара и иную запрашиваемую Покупателем информацию, в том числе фото и видео материалы, подтверждающие исполнение либо неисполнение Продавцом заказа на поставку Товара.</p>	<p>Тауардың құны; Тауарды жеткізу мерзімдері, Тауарды жеткізу орны көрсетіледі. Сатып алушы Сатушыға Тауарды жеткізуге тапсырысты жолдамаған жағдайда Сатушының Сатып алушыдан бұндай тапсырысты жолдауды талап етуге және Сатып алушының сәйкес тапсырысын алмастан Тауарды жеткізуге құқығы жоқ. Сатып алушының Тауарды жеткізуге тапсырысты Сатушының атына жолдамауы Сатып алушының тарапынан Шарт бойынша міндеттемелерді бұзуы болып табылмайды және Сатушы Сатып алушыдан бұнымен келтірілген кез келген шығындарды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.</p> <p>4.3. Сатушы тапсырысты алғанын растайтын жауапты Сатып алушыға тиісті тапсырысты алған күннен бастап күнгізбелік 3 (үш) күн ішінде жіберуге міндетті. Сатушы жазбаша жауапты көрсетілген мерзімде ұсынбаған жағдайда, Сатып алушы осы тапсырыс бойынша Сатушы жеткізген тауарды қабылдау және төлем жүргізу міндеттемелерінсіз тапсырыстың күші жойылды деп санауға құқылы. Аталған жағдайда Сатып алушының тауарды сақтаумен, оны Сатушыға қайтарумен немесе үшінші тұлғаларға сатумен байланысты барлық шығындарды Сатушының есебіне жатқыза отырып, Сатушы кейін жеткізген тауарды жауапты сақтауға қабылдау құқығы бар. Жеткізу тапсырыстарын және оларды орындау мүмкіндігін растайтын жауаптарды Тараптар жазбаша түрде, жедел байланыс (факс, e-mail) арқылы және тек осы Шартта көрсетілген мекенжайлар, телефондар (факстар) арқылы жолдайды.</p> <p>4.4. Сатушы Тауарды жеткізуге тапсырысты алғанын растағаннан кейін, Сатып алушы тапсырысты орындаудың ағымдағы мәртебесі, тауардың орналасқан жері туралы ақпаратты және Сатып алушы сұрап отырған өзге де ақпаратты, соның ішінде Тауарды жеткізуге тапсырысты Сатушының орындағанын немесе орындамағанын растайтын фото және бейне материалдарды ең қысқа мерзімде беруді талап етуге құқылы, ал оны Сатушы Сатып алушыға беруге міндетті.</p>
<p>4.5. Поставка товара должна быть произведена Продавцом в течение календарных дней, указанных в Приложении № 1 с момента получения Продавцом заказа Покупателя на поставку.</p>	<p>4.5. Сатушы Сатып алушының жеткізуге тапсырысын алған сәттен бастап № 1 қосымшада көрсетілген күнгізбелік күн ішінде тауарды жеткізуге тиіс.</p>
<p>4.6. Качество товара, комплектность, наименование, обозначение, техническое состояние, маркировка и упаковка должны соответствовать действующим ГОСТ для такого вида товара и/или техническим условиям, указанным в приложении (ях) № ___ и удостоверяются соответствующими документами, подтверждающими качество (<i>сертификат соответствия и/или паспорт изделия</i>).</p> <p>4.7. Продавец гарантирует, что поставляемый по договору товар: - является новым (<i>товар, на момент поставки по договору не бывший в эксплуатации, не имеющий в составе восстановленных или бывших в эксплуатации деталей или узлов, в заводской упаковке, с заводской консервацией, при наличии технической документации и находившийся на хранении не более половины срока хранения, предусмотренного законодательством и/или документами завода изготовителя для данного вида товара</i>), находящемся на хранении не более половины срока хранения, предусмотренного для данного вида товара. - свободен от прав третьих лиц, в споре, под арестом не состоит. В случае наличия указанных обременений, Продавец урегулирует все претензии и иски имущественного и/или неимущественного характера самостоятельно и за свой счет.</p>	<p>4.6. Тауардың сапасы, жиынтықталуы, атауы, белгіленуі, техникалық жағдайы, таңбалануы және буып-түйілуі осы тауар түріне арналған қолданыстағы МЕМСТ-қа және/немесе № ___ қосымша(-ларда)да көрсетілген техникалық шарттарға сәйкес болуы керек және сапаны растайтын тиісті құжаттармен (<i>сәйкестік сертификаты және/немесе бұйым тәлқұжаты</i>) куәландырылады.</p> <p>4.7. Сатушы шарт бойынша жеткізілетін тауар:  - жаңа (<i>тауар шарт бойынша жеткізу мезетінде бұрын пайдалануда болмаған, құрамында қалпына келтірілген және/немесе пайдалануда болған бөлшектер немесе тораптар жоқ, зауыт орамында, зауыт консервациясы, техникалық құжаттамасы бар және тауардың осы түрі үшін заңнамамен көзделген және/немесе дайындаушы зауыттың құжаттарымен көзделген сақтау мерзімінің жартысынан аспайтын мерзімде сақтауда болған</i>), тауардың осы түрі үшін көзделген сақтау мерзімінің жартысынан аспайтын мерзімде сақтауда болғанына;  - үшінші тұлғалардың құқығынан бос болуына, дауда тұрмағанына, оған тыйым салынбағанына кепілдік береді. Көрсетілген ауырпалықтар болған жағдайда, Сатушы барлық мүлдіктік және/немесе мүлдіктік емес сипаттағы барлық наразылықтар мен қуынымдарды дербес және өз есебінен реттейді.</p>
<p>4.8. Продавец должен согласовать с Грузополучателем момент доставки товара. Для железнодорожного транспорта моментом доставки является день доставки, для авиа и автотранспорта моментом доставки является день и час доставки. Если момент доставки товара не согласован с Грузополучателем или не соблюден Продавцом (или Грузоотправителем), то все расходы по простоя транспортных средств, задействованных в доставке товара, относятся на Продавца.</p> <p>4.9. Согласование момента доставки товара (запрос момента доставки, подтверждение или корректировка момента доставки) между Продавцом и Грузополучателем может быть</p>	<p>4.8. Сатушы Жүк алушымен тауарды жеткізу сәтін келісіп алуы тиіс. Теміржол көлігі үшін жеткізу сәті жеткізу күні болып табылады, әуе және автокөлік үшін жеткізу сәті жеткізу күні мен сағаты болып табылады. Егер тауарды жеткізу сәті Жүк алушымен келісілмеген немесе Сатушымен (немесе Жүк жіберушімен) сақталмаған болса, онда тауарды жеткізуге қатыстырылған көлік құралдарының бос тұрып қалу шығындары Сатушының есебіне жатқызылады.</p> <p>4.9. Сатушы мен Жүк алушы арасында тауарды жеткізу сәтін келісу (жеткізу сәтін сұрату, жеткізу сәтін растау немесе түзету) келесі</p>

<p>организованно следующими способами: по электронной почте и по факсу. Контакты Покупателя (Грузополучателя): телефон: _____; электронная почта: _____</p>	<p>тәсілдер арқылы: электрондық пошта және факс бойынша ұйымдастырылуы мүмкін. Сатып алушымен (Жүк алушымен) байланыс: телефон: _____; электрондық пошта: _____</p>
<p>4.10. Продавец обязан в день отгрузки Товара либо его партии, уведомить Покупателя посредством электронной почты либо факсимильной связи по реквизитам, указанным в настоящем Договоре о произведенной отгрузке Товара путем предоставления следующих данных: наименования, количества, даты отправления; станции/пункта отправления; направления отгрузки; номера товарно-транспортной накладной; номера транспортного средства. В случае отсутствия такого уведомления, Покупатель вправе отказать в приемке Товара на складе Покупателя в день прибытия Товара. В случаях, если Продавец не является производителем товара, Продавец в течение одного дня с даты отгрузки товара в адрес Продавца, обязан уведомить Покупателя о произведенной отгрузке Товара производителем, путем предоставления следующих данных: наименование Товара, количество Товара, ожидаемую дату прибытия Товара в место нахождения Продавца и иную информацию, подтверждающую отгрузку Товара (документы перевозчика). 4.11. Передать Покупателю посредством оперативной связи (факс, e-mail, нарочно) следующие документы: (А) счет-фактуру (инвойс), оформленный в соответствии с требованиями законодательства страны Продавца; (В) товарно-транспортный документ; (С) документ, подтверждающий качество Товара, выданный производителем и/или уполномоченным органом (сертификат соответствия, сертификат качества, декларация соответствия, свидетельство о приемочных испытаниях, паспорт изделия и т.д.); (D) копию таможенной декларации, заверенной в установленном порядке печатью таможенного органа в стране экспорта; (E) сертификат происхождения Товара; (F) соответствующее разрешение уполномоченного органа (Комитет индустриального развития и промышленной безопасности Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан) на применение технологий, технических устройств, материалов, применяемых на опасных производственных объектах, опасных технических устройств (в случае если на поставляемый Товар требуется такое разрешение); Оригиналы вышеуказанных документов предоставляются Продавцом Покупателю вместе с поставляемым Товаром за исключением документов, предусмотренных подпунктами С), E), F) настоящего пункта. 4.12. По письменному запросу Покупателя, Продавец обязан предоставить данные весогабаритных характеристик груза посредством оперативной связи (факс, e-mail, нарочно). 4.13. В случаях, затрудняющих предоставление Продавцом оригиналов документов предусмотренных подпунктами С), E) и F) пункта 4.11. настоящего Договора допускается предоставление Продавцом копий документов, при условии, если они заверены нотариально либо заверены печатью и подписью уполномоченного лица Продавца. 4.14. Продавец гарантирует подлинность предоставляемой документации заверенной собственной подписью и печатью. В случае выявления фактов предоставления Продавцом поддельных (фиктивных) документов он несет ответственность, предусмотренную действующим законодательством Республики Казахстан. 4.15. Продавец обязан вносить в товаросопроводительные документы, указанные в настоящем Договоре, десятизначный (10-тизначный) код Товара, - членов Таможенного союза в рамках Евразийского экономического сообщества: Республика Армения, Республика Беларусь, Кыргызская Республика и Российская Федерация).</p>	<p>4.10. Сатушы Тауарды не оның топтамасын жөнелту күні, Сатып алушыны электрондық пошта немесе факсимильді байланыс арқылы осы Шартта көрсетілген деректемелері бойынша келесі деректерді: атауы, саны, жөнелту күнін; жөнелту станциясы/пунктін; жөнелту бағытын; тауарлық-көліктік құжатты; көлік құралының нөмірін ұсыну жолымен Тауардың жөнелтілуі туралы хабардар етуге міндетті. Осындай хабарлама болмаған жағдайда, Сатып алушы Тауар келген күні Тауарды Сатып алушының қоймасында қабылдаудан бас тартуға құқылы. Егер Сатушы тауарды өндіруші болып табылмаған жағдайларда Сатушы тауарды Сатушының атына жөнелткен күннен бастап бір күн ішінде келесі деректерді: Тауардың атауын, Тауардың санын, Тауардың Сатушының орналасқан жеріне келуінің күтілетін күнін және Тауардың жөнелтілуін растайтын өзге де ақпаратты (тасымалдаушының құжаттары) ұсыну арқылы Сатып алушыны өндірушінің Тауарды жөнелткені туралы хабардар етуге міндетті. 4.11. Жедел байланыс (факс, e-mail, қолма-қол) арқылы Сатып алушыға келесі құжаттарды жіберуге міндетті: (А) Сатушы елінің заңнамасы талаптарына сәйкес ресімделген электронды шот-фактура (инвойс); (В) тауарлық-көліктік құжат; (С) Өндірушімен және/немесе уәкілетті органмен берілген, Тауар сапасын растайтын құжат (сәйкестік сертификаты, сана сертификаты, сәйкестік декларациясы, қабылдау сынақтары туралы куәлік, бұйым төлқұжаты және т.б.); (D) экспорт елінде кеден органының мөрімен белгіленген тәртіпте расталған кеден декларациясының көшірмесі; (E) Тауардың шыққан елінің сертификаты; (F) қауіпті өндірістік объектілерде пайдаланылатын технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды, қауіпті техникалық құрылғыларды (егер жеткізілетін Тауар үшін осындай рұқсат қажет болған жағдайда) пайдалануға уәкілетті органның (Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті) тиісті рұқсаты; Сатушы Сатып алушыға жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқаларын, осы тармақтың С), E), F) тармақшаларымен көзделген құжаттарды қоспағанда, жеткізілетін Тауармен қоса береді. 4.12. Сатушы Сатып алушының жазбаша сұратуы бойынша жүктің салмақ габариттік сипаттамаларының деректерін жедел байланыс (факс, e-mail, қолма-қол) арқылы ұсынуға міндетті. 4.13. Сатушы осы Шарттың 4.11-тармағының С), E) және F) тармақшаларымен көзделген құжаттардың түпнұсқаларын беруге қиын жағдайларда, егер олар нотариалды расталған немесе Сатушының уәкілетті тұлғасының қолы қойылған және мөрі басылған болса, құжаттардың көшірмесін ұсынуға рұқсат беріледі. 4.14. Сатушы өзінің қолын қою және мөрін басу арқылы ұсынылатын құжаттаманың түпнұсқалылығына кепілдік береді. Сатушымен ұсынылған құжаттардың жасанды (жалған) екендігі туралы факті анықталған жағдайда, ол Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген жауапкершілікке тартылады. 4.15. Сатушы осы Шарттың тауар-ілеспе құжаттарына Тауардың он таңбалы (10-таңбалы) кодын енгізуге міндетті (Еуроазиялық экономикалық қауымдастық шегіндегі Кедендік одаққа мүше мемлекеттер: Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы).</p>

<p>4.16. Приемка Товара по количеству и качеству осуществляется в соответствии с порядком, действующим у Покупателя.</p> <p>4.17. Приемка товара по количеству и качеству производится на складе Покупателя (Грузополучателя) <b>в течение 5 (пяти) рабочих дней</b> с момента доставки и разгрузки товара на складе Покупателя (Грузополучателя). Датой приемки товара считается дата составления Покупателем акта приемки ТМЦ по количеству и качеству. В случаях, предусмотренных в пункте 1.2. настоящего Договора, приемка товара производится по завершении Продавцом монтажных и пуско-наладочных работ.</p>	<p>4.16. Тауарды саны мен сапасы бойынша қабылдау Сатып алушыда қолданыстағы тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.</p> <p>4.17. Тауарды саны мен сапасы бойынша қабылдау Сатып алушының (Жүк алушының) қоймасында тауарды Сатып алушының (Жүк алушының) қоймасына жеткізу және түсіру мезетінен <b>бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі</b>. Тауарды қабылдау күні болып Сатып алушының ТМҚ-ны саны мен сапасы бойынша қабылдау актісін жасау күні саналады. Осы Шарттың 1.2-тармағында көзделген жағдайларда тауарды қабылдау Сатушы монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарын аяқтағаннан кейін жүргізіледі.</p>
<p>4.18. Приемка товара производится в следующем порядке:</p> <p>4.18.1. При выявлении несоответствия по количеству и/или качеству поставленного товара против данных, указанных в товаросопроводительных документах, а также при выполнении условий, указанных в пунктах 4.6., 4.7. Договора Покупатель приостанавливает приемку товара и извещает посредством электронной или факсимильной связи Продавца в течение 24 часов с момента выявления несоответствия.</p> <p>4.18.2. Продавец в течение 24 часов с момента получения извещения обязан посредством факсимильной либо иной оперативной связи уведомить Покупателя о своем согласии/несогласии с выявленными при приемке товара замечаниями Покупателя и направлении/отказе от направления своего представителя для составления двустороннего акта приемки. Продавец вправе уполномочить на участие в приемке товара любое лицо, находящееся в месте получения товара. Уполномоченный надлежащим образом представитель Продавца обязан прибыть для участия в приемке товара не позднее 3-х дней с даты получения извещения, не считая времени, затраченного на проезд до места приемки.</p> <p>4.18.3. Если Покупателем в течение 24 часов с момента направления извещения не получено уведомление Продавца о направлении своего представителя, либо представитель Продавца в трехдневный срок, не считая времени, затраченного на проезд, не явился в место приемки товара, Покупатель вправе завершить приемку товара в одностороннем порядке либо с участием незаинтересованного лица. При этом, акт, составленный одним из вышеуказанных способов является достаточным основанием для последующего предъявления претензии Продавцу по количеству и/или качеству поставленного товара.</p> <p>4.18.4. В случае если Товар не был принят Покупателем он принимается на ответственное хранение, при этом Покупатель в течение 3 (трех) рабочих дней с момента составления акта об отказе в приемке Товара по количеству и/или качеству уведомляет в письменной форме Продавца о необходимости вывоза (замены) Товара в срок до 15 (пятнадцати) календарных дней с момента получения уведомления Продавцом.</p> <p>4.18.5. В случае непринятия Продавцом мер по вывозу (замене) Товара в установленный пунктом 4.18.4. Договора срок, Покупатель продолжает обеспечивать последующую сохранность непринятого Товара путем его безвозмездного ответственного хранения с общим сроком до 30 (тридцати) календарных дней с даты составления акта об отказе в приемке Товара, если Продавцом в вышеуказанный срок не будет принято мер по вывозу (замене) Товара, Покупатель принимает этот Товар, начиная с 31 дня хранения на возмездное ответственное хранение сроком на 30 календарных дней при этом стоимость услуг такого хранения будет составлять 0,5% от стоимости хранимого Товара за каждый день хранения, которую Продавец обязуется оплатить на банковские реквизиты Покупателя в соответствии с выставленным Покупателем расчетом.</p> <p>4.18.6. В случае неоплаты стоимости услуг хранения и/или не вывоза Товара по истечении сроков, предусмотренных в пункте 4.18.5. Договора, Покупатель по своему выбору производит одно из нижеследующих действий путем направления в адрес Продавца письменного уведомления следующего содержания: 1) либо о возврате Продавцу не принятого Покупателем Товара с отнесением связанных с этим</p>	<p>4.18. Тауарды қабылдау келесі тәртіпте жүргізіледі:</p> <p>4.18.1. Тауарға ілеспе құжаттарда көрсетілген мәліметтерге қарағанда жеткізілген тауардың саны және/немесе сапасы бойынша сәйкес келмеуі анықталған кезде, сонымен қоса Шарттың 4.6., 4.7-тармақтарында көрсетілген талаптар орындалмаған кезде Сатып алушы тауар қабылдауды тоқтата тұрады және сәйкессіздік анықталған сәттен бастап 24 сағат ішінде Сатушыға электрондық және факсимильді байланыс арқылы хабарлайды.</p> <p>4.18.2. Сатушы хабарламаны алған сәттен бастап 24 сағат ішінде Сатып алушының тауарды қабылдау кезіндегі анықталған ескертулерімен келісуі/келіспеуі туралы және екіжақты қабылдау актісін жасау үшін өз өкілін жіберуі/жіберуден бас тартуы туралы Сатып алушыға факсимильдік немесе басқа да жедел байланыс арқылы хабарлауға міндетті. Сатушы тауарды қабылдауға қатысуға тауарды алу жерінде тұрған кез келген адамды уәкілетті етуге құқылы. Тиісті түрде уәкілеттік берілген Сатушының өкілі тауарды қабылдауға қатысу үшін тауарды қабылдау жеріне дейін жол жүруге кеткен уақытты санамағанда, хабарламаны алған күнінен бастап 3 күннен кешікпей келуге міндетті.</p> <p>4.18.3. Егер Сатып алушы хабарламаны жіберу сәтінен бастап 24 сағат ішінде Сатушының өз өкілін жіберу туралы хабарламасын алмаса немесе Сатушының өкілі тауарды қабылдау жеріне жол жүруге кеткен уақытты санамағанда, үш күндік мерзімде келмесе, Сатып алушы тауар қабылдауды бір жақты тәртіпте немесе мүдделі емес адамның қатысуымен аяқтауға құқылы. Осы кезде, Сатып алушының бір жақты актісі немесе мүдделі емес адамның қатысуымен жасалған акт соңынан Сатушыға жеткізілген тауардың саны немесе сапасы бойынша наразылықты білдіру үшін жеткілікті негіз болып табылады.</p> <p>4.18.4. Сатып алушы Тауарды қабылдамаған жағдайда, ол жауапты сақтауға қабылданады, бұл ретте Сатып алушы Тауарды саны және/немесе сапасы бойынша қабылдаудан бас тарту туралы акт жасаған мезеттен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде Сатушының хабарламаны алған мезетінен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күнге дейінгі мерзімде Тауарды алып кету (ауыстыру) қажеттігі туралы Сатушыға жазбаша нысанда хабарлайды.</p> <p>4.18.5. Сатушы Шарттың 4.18.4-тармағында белгіленген мерзімде Тауарды алып кету (ауыстыру) бойынша шаралар қолдамаған жағдайда, Сатып алушы Тауарды қабылдаудан бас тарту туралы акт жасаған күннен бастап жалпы мерзімі күнтізбелік 30 (отыз) күнге дейін өтеусіз жауапты сақтау жолымен қабылданбаған Тауардың кейінде сақталуын қамтамасыз етуді жалғастырады, егер жоғарыда көрсетілген мерзімде Сатушы Тауарды алып кету (ауыстыру) бойынша шаралар қолданбаса, Сатып алушы бұл Тауарды сақтаудың 31-күнінен бастап 30 күнтізбелік күнге ақылы жауапты сақтауға қабылдайды, осы кезде мұндай сақтау қызметінің құны сақтаудың әрбір күніне сақталатын Тауар құнынан 0,5% құрайды, оны Сатушы Сатып алушы берген есеп айырысуға сәйкес Сатып алушының банктік реквизиттеріне төлеуге міндеттенеді.</p> <p>4.18.6. Шарттың 4.18.5-тармағында көзделген мерзім өткеннен кейін, Тауарды сақтау қызметінің құнын төлемеген және/немесе алып кетпеген жағдайда, Сатып алушы өз таңдауы бойынша Сатушының мекенжайына келесі мазмұндағы жазбаша хабарламаны жіберу жолымен келесі әрекеттердің бірін жүргізеді: 1) немесе Сатып алушы қабылдамаған Тауарды Сатушыға қайтару және осыған байланысты шығынды Сатушының есебіне жатқызу туралы; 2) немесе осы Тауарды сатып, Тауарды сатудан түскен сомадан Тауарды жауапты сақтауға және сатуға жұмсаған шығындардың орнын толтыру туралы; 3) немесе осындай Тауарды</p>

<p>расходов на Продавца; 2) либо о реализации такого Товара с последующим возмещением расходов понесенных им за ответственное хранение и реализацию Товара из суммы, вырученной от реализации Товара; 3) либо о переводе такого Товара в собственность Покупателя, на что Продавец путем подписания настоящего Договора дает свое безоговорочное согласие и в последующем ни каких претензий имущественного характера к Покупателю, связанных с переходом права собственности в пользу последнего, предъявлять не будет.</p>	<p>Сатып алушының меншігіне айналдыру туралы әрекеттердің біреуін қолданады, бұған Сатушы осы Шартқа қол қою арқылы өзінің сөзсіз келісімін береді және кейіннен Сатып алушыға соңғысының пайдасына меншік құқығының өтуіне байланысты ешқандай мүлдікті сипаттағы талап қоймайтын болады.</p>
<p><b>5. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН</b>  5.1. За нарушение сроков поставки товара, Продавец уплачивает Покупателю неустойку в размере <b>1%</b> от стоимости не поставленного в срок товара за каждый день просрочки, но не более <b>20%</b> этой стоимости.  <i>В случае выполнения помимо поставки шеф-монтажных работ необходимо дополнить Договор следующим пунктом (5.2).</i>  5.2.. В случае нарушения Продавцом начальных и/или конечных сроков выполнения работ, предусмотренных настоящим Договором, Покупатель вправе предъявить Продавцу требование об уплате неустойки из расчета 1 % от общей стоимости работ за каждый день просрочки, но не более 20 % от общей стоимости работ.</p>	<p><b>5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ</b>  5.1. Тауарды жеткізу мерзімін бұзғаны үшін Сатушы Сатып алушыға мерзімі өткен әр күн үшін уақытылы жеткізілмеген Тауар құнынан <b>1%</b> мөлшерінде, бірақ осы күннен <b>20%-дан</b> аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.  <i>Жеткізуден басқа шеф-монтажтау жұмыстарын орындаған жағдайда Шартты келесі тармақпен толықтыру қажет (5.2).</i>  5.2. Сатушы осы Шартта көзделген жұмыстарды орындаудың бастапқы және/немесе соңғы мерзімдерін бұзған жағдайда Сатып алушы Сатушыға мерзімі өткен әрбір күн үшін жұмыстардың жалпы құнынан 1% есебінен, бірақ жұмыстардың жалпы құнынан 20%-дан аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеу туралы талап қоюға құқылы.</p>
<p>5.3. В случае просрочки Продавцом поставки товара более, чем на 20 (двадцать) календарных дней и/или не предоставления Продавцом Покупателю одного или нескольких документов, предусмотренных договором, и/или поставки товара не соответствующего условиям договора, Покупатель вправе отказаться от принятия товара и/или в одностороннем порядке расторгнуть Договор, без возмещения каких-либо убытков Продавцу.  5.4. В случае установления Покупателем факта признания Продавца уполномоченными государственными органами лжепредприятием, банкротом, бездействующим или если его регистрация признана недействительной либо по иным другим основаниям которые позволяют Покупателю усомниться в его надлежащем правовом статусе и законопослушности, Покупатель вправе в любое время в одностороннем порядке расторгнуть настоящий Договор, письменно уведомив об этом Продавца (нарочно, почтой, факсимильной связью или посредством электронной почты) без последующего возмещения каких-либо убытков Продавцу, связанных с данным расторжением Договора.</p>	<p>5.3. Сатушы тауар жеткізу мерзімін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен артық өткізіп алған және/немесе Шарт талаптарына сәйкес келмейтін тауар жеткізген және/немесе Шартта көзделген бір немесе бірнеше құжаттарды Тапсырыс берушіге ұсынбаған жағдайда, Сатып алушы Сатушыға қандай да бір шығындарын өтеусіз тауарды қабылдаудан бас тартуға және/немесе Шартты бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы.  5.4. Сатып алушы уәкілетті мемлекеттік органдарымен Сатушының жалған кәсіпкерлік, банкрот, әрекет етпеу фактісін тануды анықтаған жағдайда немесе оның тіркелуі жарамсыз деп танылса не болмаса өзге басқа негіздерде оның тиісті құқықтық мәртебесі мен заңға бағынушылығында Сатып алушының күдіктенуін туғызған жағдайда, Сатып алушы кез келген уақытта бір жақты тәртіпте, осы Шартты бұзуға байланысты Сатушының қандай да бір шығындарының орнын толтырмай бұл туралы Сатушыға жазбаша (қолмен, поштамен, факсимильді байланыс немесе электронды пошта арқылы) хабарлап, осы Шартты бұзуға құқылы.</p>
<p>5.5. За непоставку товара, поставку некачественного товара и/или некомплектного товара, Покупатель вправе предъявить, а Продавец обязан оплатить Покупателю штраф в размере 20 % от установленной Договором стоимости не поставленного товара, товара оказавшегося дефектным и/или некомплектным, а также обязуется возместить Покупателю все причиненные этим убытки.  5.6. Продавец соглашается, что несвоевременное и/или ненадлежащее исполнение Продавцом своих обязательств по настоящему Договору, влечет нанесение Покупателю убытков. Продавец возмещает Покупателю причиненные убытки путем перечисления на расчетный счет Покупателя суммы денег в размере 20% от общей суммы Договора течение 5 рабочих дней с момента получения соответствующего требования Покупателя.  В случае, если размер фактически понесенных убытков превышает 20% от Общей суммы Договора, окончательный размер убытков определяется Покупателем самостоятельно исходя из размера реального ущерба и/или упущенной выгоды, в этом случае Продавец оплачивает в полном объеме Покупателю все понесенные убытки. Убытки согласно настоящему пункту Договора возмещаются сверх установленной настоящим Договором неустойки и иных мер обеспечения исполнения Договора.  5.7. В случае нарушения Продавцом условий любого из пунктов Договора и/или приложения к настоящему Договору и если за данное нарушение Договором не установлена ответственность в виде неустойки или штрафа, Продавец уплачивает Покупателю</p>	<p>5.5. Тауарды жеткізбегені, сапасыз және/немесе жиынтықталмаған тауар жеткізгені үшін Сатып алушы талап қоюға құқылы, ал Сатушы жеткізілмеген тауардың, ақаулы және/немесе жиынтықталмаған болып шыққан тауардың Шартпен белгіленген құнынан 20 % мөлшерде айыппұл төлеуге, сонымен қатар Сатып алушыға осымен келтірілген барлық шығындарды өтеуге міндетті.  5.6. Сатушы осы Шарт бойынша өзінің міндеттерін уақытылы және/немесе тиісті түрде орындамауы сатып алушыға шығын келтіруге әкеп соғатынымен келіседі. Сатушы Сатып алушыға келтірілген шығынды Сатып алушыдан тиісті талап алған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде Шарт бойынша Тауардың жалпы құнынан 20% мөлшерінде ақшалай соманы Сатып алушының есеп шотына аудару жолымен өтейді. Егер нақты келтірілген шығынның мөлшері Тауардың жалпы құнынан 20%-дан асып түскен жағдайда, шығынның соңғы мөлшерін нақты шығын және/немесе ұтылған пайда мөлшеріне қарап, Сатып алушының өзі анықтайды, бұл жағдайда Сатушы барлық келтірілген шығынды толық көлемде Сатып алушыға төлейді. Шарттың осы тармағына сәйкес шығындар осы Шартпен көрсетілген тұрақсыздық айыбынан және Шартты орындауды қамтудың өзге шараларынан астам өтеледі.  5.7. Сатушы Шарттың және/немесе Шартқа берілген Қосымшалардың кез-келген тармақтарының шарттарын бұзған жағдайда және де егер осы бұзушылық үшін Шартта тұрақсыздық айыбы немесе айыппұл түрінде жауапкершілік белгіленбесе, Сатушы Сатып алушыға Тауардың жалпы құнынан 20% мөлшерінде айыппұл төлейді, сондай-ақ Сатып алушыға осымен келтірілген барлық шығындарды өтейді.</p>

<p>штраф в размере 20% от общей стоимости Товара, а также возмещает Покупателю все причиненные этим убытки.</p> <p>5.8. Выплата штрафных санкций (неустоек) не освобождает Стороны от выполнения своих обязательств по настоящему Договору.</p>	<p>5.8. Айыппұл санкцияларын (тұрақсыздық) төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша өздерінің міндеттерін орындаудан босатпайды.</p>
<p>5.9. В случае поставки Продавцом товара в нарушение собственного обязательства, предусмотренного пунктом 4.11. Договора, Продавец обязан оплатить Покупателю штраф в размере 10% от стоимости поставленной партии товара, по которой отсутствует оригинал одного или нескольких (всех) документов, предусмотренных пунктом 4.11. настоящего Договора. В указанном случае, Покупатель вправе в одностороннем порядке отказаться от приемки товара на складе Покупателя (Грузополучателя) и/или вернуть товар Продавцу за счет Продавца, а также требовать от Продавца возмещения расходов по ответственному хранению товара за период с момента прибытия товара на склад Покупателя (Грузополучателя) до момента фактической передачи вышеуказанных документов либо возврата товара Продавцом Покупателю.</p> <p>5.10. В случае поставки Продавцом товара в нарушение собственного обязательства, предусмотренного пунктом 4.3. Договора, Покупатель вправе предъявить, а Продавец обязан оплатить Покупателю штраф в размере 10 % от стоимости поставленной, но не согласованной партии товара.</p>	<p>5.9. Сатушы тауарды Шарттың 4.11-тармағымен көзделген өз міндеттемелерін бұза отырып жеткізген жағдайда, Сатушы Сатып алушыға осы Шарттың 4.11-тармағымен көзделген бір немесе бірнеше (барлық) құжаттар түпнұсқалары жоқ жеткізілген тауар топтамасы құнының 10 % мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Аталған жағдайда Сатып алушы тауарды Сатып алушы (Жүк алушы) қоймасында қабылдаудан бір жақты тәртіпте бас тартуға және/немесе Сатушыға тауарды Сатушының есебінен қайтаруға, сонымен қоса тауардың Сатып алушы (Жүк алушы) қоймасына келіп түсуі сәтінен бастап Сатушының Сатып алушыға жоғарыда аталған құжаттарды нақты берген немесе тауарды қайтарған сәтіне дейінгі мерзімде тауарды жауапты сақтау шығындарын өтеуді Сатушыдан талап етуге құқылы.</p> <p>5.10. Сатушы тауарды Шарттың 4.3-тармағымен көзделген өз міндеттемелерін бұза отырып жеткізген жағдайда, Сатып алушы талап қоюға, ал Сатушы Сатып алушыға жеткізілген, бірақ келісілмеген тауар топтамасының құнынан 10 % мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті.</p>
<p>5.11. В случае поставки Продавцом Товара, несоответствующего условиям, определенным п. 4.6., 4.7. настоящего Договора, Покупатель вправе отказаться от принятия товара и/или в одностороннем порядке расторгнуть Договор без возмещения Продавцу каких-либо убытков.</p> <p>5.12. В случае не предоставления Продавцом покупателю одного или нескольких документов, предусмотренных условиями Договора (сертификат качества и т.д.), Покупатель вправе отказаться от принятия товара и/или в одностороннем порядке расторгнуть Договор без возмещения Продавцу каких-либо убытков.</p>	<p>5.11. Сатушы осы Шарттың 4.6., 4.7-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін Тауарды жеткізген жағдайда, Сатып алушы Сатушыға қандай да бір шығындарын өтеусіз тауарды қабылдаудан бас тартуға және/немесе Шартты бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы.</p> <p>5.12. Сатушы Сатып алушыға Шарт талаптарында көзделген бір немесе бірнеше құжатты (сапа сертификаты және т.б.), ұсынбаған жағдайда, Сатып алушы тауарды қабылдап алудан бас тартуға және/немесе Сатушыға қандай да бір залалды өтеусіз Шартты бір жақты ретте бұзуға құқылы.</p>
<p>5.13. В случае несвоевременной оплаты по вине Покупателя, Покупатель уплачивает Продавцу неустойку (но не убытки) в размере 0,5 % суммы просроченного платежа за каждый день просрочки, но не более 10% суммы просроченного платежа.</p>	<p>5.13. Сатып алушының кінәсі бойынша төлем уақытылы төленбеген жағдайда, Сатып алушы мерзімі өткен әр күнге мерзімде төленбеген соманың 0,5 % мөлшерінде, бірақ мерзімі өткен сомадан 10% астам емес, тұрақсыздық айыбын (бірақ шығын емес) төлеуге міндетті.</p>
<p>5.14. В случае ненадлежащего исполнения Продавцом любого из обязательств по настоящему Договору и/или по другим, заключенным между Сторонами Договорам, Продавец предоставляет право Покупателю произвести зачет начисленной неустойки (пени, штраф, убытков) из суммы, подлежащей к оплате. Неустойка за просрочку платежа по Договору на эту сумму Продавцом не начисляется. При этом Покупатель незамедлительно направляет Продавцу уведомление (заявление) о нарушении обязательства Продавцом и произведенном зачете начисленной неустойки (пеня, штраф) из суммы, подлежащей оплате за поставленный Товар и/или работы.</p>	<p>5.14. Сатушы осы Шарт бойынша және/немесе Тараптар арасында жасалған басқа да Шарттар бойынша кез келген міндеттемені тиісті түрде орындамаған жағдайда, Сатушы Сатып алушыға төленуі тиіс сомадан есептелген тұрақсыздық айыбын (өсімпұл, айыппұл, шығын) есепке жатқызу құқығын береді. Сатушы Шарт бойынша төлем мерзімінің өткізілгендігі үшін тұрақсыздық айыбын бұл сомаға есептемейді. Бұл ретте, Сатып алушы Сатушыға міндеттемені бұзу туралы және жеткізілетін тауар және/немесе жұмыс үшін төленуі тиіс сомадан есептелген тұрақсыздық айыбының (өсімпұл, айыппұл) шегерілгені туралы хабарламаны дереу жолдайды.</p>
<p><b>6. АНТИКОРРУПЦИОННАЯ ОГОВОРКА</b></p> <p>6.1. Каждая Сторона (данный термин для целей настоящих положений включает всех работников, агентов, представителей, аффилированных лиц каждой из Сторон, а также других лиц, привлекаемых ими или действующих от их имени) соглашается, что она не будет в связи с товарами (работами, услугами), поставляемыми (оказываемыми) по настоящему Договору, давать или пытаться давать взятки (включая, без ограничения, любые формы оплаты, подарки и прочие имущественные выгоды, вознаграждения и льготы (в виде денег или любых ценностей) другой Стороне, ее работникам, агентам, представителям, потенциальным клиентам, аффилированным лицам, а также другим лицам, привлекаемым другой Стороной или действующим от ее имени, государственным служащим, межправительственным организациям, политическим партиям, частным лицам и прочим сторонам («Вовлеченные стороны»).</p>	<p><b>6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕСКЕРТПЕ</b></p> <p>6.1. Әрбір Тарап (бұл термин осы ережелердің мақсаттары үшін, әрбір Тараптың барлық жұмыскерлері, агенттері, өкілдері, үлестес тұлғалары, сонымен қатар олар тартатын немесе олардың атынан әрекет ететін басқа тұлғаларды қамтиды) осы Шарт бойынша жеткізілетін (көрсетілетін) тауарлармен (жұмыстар, қызметтер) байланысты екінші Тарапқа, оның жұмыскерлеріне, агенттеріне, өкілдеріне, әлеуетті клиенттеріне, үлестес тұлғаларына, сондай-ақ басқа Тараппен тартылатын немесе оның атынан әрекет ететін басқа тұлғаларға, мемлекеттік қызметкерлерге, үкіметаралық ұйымдарға, саяси партияларға, жеке тұлғаларға және өзге де тараптарға («Тартылған тараптар») пара (шектеусіз, кез келген төлем түрін, сыйлықтарды және басқа да мүліктік пайдаларды, сыйақылар мен жеңілдіктерді (ақшалай немесе кез келген құндылықтар түрінде) қоса алғанда) бермейтініне және беруге тырыспайтынына келіседі.</p>



<p>6.2. Каждая Сторона заявляет и гарантирует другой Стороне, что до даты заключения Договора она не давала и не пыталась давать взятки Вовлеченным сторонам с целью установления и (или) продления каких-либо деловых отношений с другой Стороной в связи с настоящим Договором.</p> <p>6.3. Каждая Сторона признает и соглашается с тем, что она ознакомилась с законами против взяточничества и отмывания денег всех стран, в которых она учреждена или зарегистрирована и в которых она осуществляет свою деятельность, и будет соблюдать указанные законы.</p> <p>6.4. Каждая из Сторон соглашается с тем, что она не будет совершать и не допустит со своего ведома совершения каких-либо действий, которые приведут к нарушению другой Стороной применимых законов против взяточничества или отмывания денег.</p> <p>6.5. Стороны соглашаются с тем, что их бухгалтерская документация должна точно отражать все платежи, осуществляемые по настоящему Договору.</p> <p>6.6. Если одной из Сторон станет известно о фактическом или предположительном нарушении ею какого-либо из настоящих положений о противодействии взяточничеству и коррупции, она должна немедленно поставить об этом в известность другую Сторону и оказать ей содействие в расследовании, проводимому по данному делу.</p> <p>6.7. Стороны вправе разработать для своих сотрудников и следовать политикам и процедурам по борьбе с коррупцией, необходимым для предотвращения фактов взяточничества или попыток дачи взяток.</p> <p>6.8. Каждая Сторона обязуется обеспечить выполнение процедур по предотвращению фактов взяточничества или попыток дачи взятки компаниями, выступающими в рамках данного Договора, от имени каждой из Сторон, при их наличии.</p> <p>6.9. Стороны соглашаются, что в дополнение к правам на расторжение (отказ от исполнения), предусмотренным другими положениями настоящего Договора, нарушающая Сторона имеет право немедленно расторгнуть (отказаться от исполнения) настоящий Договор в случае нарушения другой Стороной настоящих положений о противодействии взяточничеству и коррупции, и при этом другая Сторона не вправе требовать какие-либо дополнительные платежи в рамках настоящего Договора, кроме платежей, не связанных с нарушением настоящих положений о противодействии взяточничеству и коррупции, за товары (работы, услуги), надлежащим образом поставленные (выполненные, оказанные) по настоящему Договору до его расторжения.</p> <p>6.10. Каждая из Сторон освобождается от обязательств по осуществлению какого-либо платежа, который может причитаться другой Стороне по настоящему Договору, если такой платеж связан с нарушением другой Стороной настоящих положений о противодействии взяточничеству и коррупции.</p> <p>6.11. Каждая из Сторон, в соответствии с проводимой в компании кадровой политикой, при осуществлении предпринимательской деятельности гарантирует неприменение принудительного труда, рабства или торговли людьми, а также, насколько известно Сторонам, принудительный труд, рабство или торговля людьми не будут являться частью операций любого из их прямых поставщиков. Стороны приняли, и будут принимать в будущем все необходимые меры для обеспечения насколько это возможно указанных гарантий на протяжении всего срока действия настоящего Договора.</p>	<p>6.2. Әрбір Тарап екінші Тарапқа осы Шартты жасасу күніне дейін осы Шартқа байланысты басқа Тараппен белгілі бір іскерлік қарым-қатынастарды орнату және (немесе) мерзімін ұзарту мақсатында Таратылған тараптарға пара бермегені және беруге тырыспағаны туралы мәлімдейді және кепілдік береді.</p> <p>6.3. Әрбір Тарап, ол құрылған немесе тіркелген және өзінің іс-әрекетін жүзеге асыратын барлық елдердің парақорлыққа және ақшаның жылыстауына қарсы заңдарымен танысқандығымен және көрсетілген заңдарды сақтайтындығымен келіседі және қабылдайды.</p> <p>6.4. Әрбір Тарап парақорлыққа және ақшаның жылыстауына қарсы қолданылатын заңдарды басқа Тараптың бұзуына әкелетін қандай да бір іс-әрекеттерді жасамауға және өзі біле тұра жасалуына жол бермейтіндігімен келіседі.</p> <p>6.5. Тараптар олардың бухгалтерлік құжаттамаларында, осы Шарт бойынша жасалатын барлық төлемдердің дәл көрсетілетіндігімен келіседі.</p> <p>6.6. Егер Тараптың біріне парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет туралы осы ережелердің біреуінің нақты немесе болжамды бұзушылығы туралы мәлім болса, ол тез арада екінші Тарапқа сол туралы хабарлауға және осы іс бойынша жүргізілетін тергеуде жәрдемдесуге тиіс.</p> <p>6.7. Тараптар өздерінің қызметкерлеріне парақорлық фактілерінің немесе пара беру әрекеттерінің алдын алу үшін қажет сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша саясат пен процедураларды әзірлеуге және оларды ұстануға құқылы.</p> <p>6.8. Әрбір Тарап осы Шарт аясында тараптардың атынан, олар болған жағдайда, сөз алатын компаниялардың парақорлық фактілерінің немесе пара беру әрекеттерінің алдын алу бойынша процедуралардың орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.</p> <p>6.9. Тараптар осы Шарттың басқа да ережелерімен қарастырылған, шартты бұзу (орындаудан бас тарту) құқықтарына қосымша ретінде, басқа Тарап парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер туралы осы ережелерді бұзған жағдайда, бұзбаған Тараптың осы Шартты тез арада бұзуына (орындаудан бас тартуға) құқылы екендігіне келіседі, бұл кезде басқа Тарап, оның бұзылуына дейін осы Шарт бойынша тиісті түрде жеткізілген (орындалған, көрсетілген) тауарлар (жұмыс, қызмет) үшін парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер туралы осы ережені бұзуға байланысты емес төлемдерден өзге, осы Шарт аясында қандай да бір қосымша төлемдерді талап етуге құқығы жоқ.</p> <p>6.10. Егер мұндай төлем парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер туралы осы ережелерді басқа Тараптың бұзуымен байланысты болса, әрбір Тарап, осы Шарт бойынша басқа Тарапқа тиесілі болуы мүмкін қандай да бір төлемді жүзеге асыру бойынша міндеттемелерден босатылады.</p> <p>6.11. Тараптардың әрқайсысы, компанияда жүргізілетін саясатқа сәйкес, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде мәжбүрлі еңбек студі, құлдық немесе адамдарды саудалау қолданылмайтынына кепілдік береді, сондай-ақ, Тараптардың білуінше, мәжбүрлі еңбек, құлдық немесе адамдарды саудалау олардың тікелей жеткізушілерінің операциялар жүргізуінің бөлігі болып табылмайды. Тараптар осы шарттың қолданыста болуының барлық мерзімінде көрсетілген кепілдіктерді қаншалықты мүмкін соншалықты қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдады және де келешекте қабылдайтын болады.</p>
<p>7. ПРОЧИЕ УСЛОВИЯ</p> <p>7.1. Продавец предоставляет Покупателю гарантию качества на поставляемый товар. Гарантийный срок эксплуатации товара 24 месяцев с момента ввода товара в эксплуатацию (либо предусмотреть иной индивидуальный гарантийный срок согласно ГОСТ и т.п.). В случае выявления дефектов качества товара и/или его части в течение гарантийного срока, Продавец обязуется самостоятельно и за свой счет устранить такие дефекты в течение 21 (двадцати одного) календарного дня с момента</p>	<p>7. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР</p> <p>7.1. Сатушы Сатып алушыға жеткізілген Тауардың сапасына кепілдік береді. Тауарды пайдаланудың кепілді мерзімі тауарды пайдалануға енгізген сәттен бастап 24 ай (немесе МЕМСТ-қа сәйкес өзге жеке кепілдік мерзімін қарастыру және т.б.). Кепілдік мерзімі ішінде Тауар және/немесе оның бөлігінің сапа ақаулығы анықталған жағдайда, Сатушы осындай ақаулықтарды Сатып алушының тиісті талабын алған мезеттен бастап күнтізбелік 21 (жиырма бір) күн ішінде өз бетінше және өз есебінен жоюға</p>

<p>получения соответствующего требования Покупателя. В случае не устранения выявленных дефектов в товаре в срок, Покупатель вправе привлечь третью сторону для устранения таких недостатков, при этом Продавец возмещает все расходы Покупателя, связанные с привлечением третьей стороны в течение 10 (десяти) календарных дней с момента получения соответствующего требования Покупателя, Продавец вправе вернуть дефектный Товар Продавцу, при этом Продавец обязуется вернуть уплаченную Покупателем стоимость Товара в течение 20 (двадцати) календарных дней с момента получения соответствующего требования Покупателя.</p>	<p>міндеттенеді. Тауарда анықталған ақаулықтарды белгіленген мерзімде жоймаған жағдайда, Сатып алушы осындай кемшіліктерді жою үшін үшінші тарапты тартуға құқылы, осы кезде Сатушы Сатып алушының тиісті талабын алған мезеттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде үшінші тұлғаны тартуға байланысты Сатып алушының барлық шығындарын өтейді. Сатып алушы ақаулы Тауарды Сатушыға қайтаруға құқылы, бұл ретте Сатушы Сатып алушының төлеген Тауар құнын сатып алушының тиісті талабын алған сәттен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде қайтаруға міндеттенеді.</p>
<p>7.2. Все споры, которые могут возникнуть при исполнении настоящего Договора, Стороны разрешают путем переговоров. Досудебный (претензионный) порядок разрешения споров обязателен для Сторон. Не урегулированные путем переговоров все споры, разногласия и/или требования, возникающие из настоящего договора (соглашения, контракта) либо в связи с ним, в том числе касающиеся его заключения, изменения (дополнения), исполнения, нарушения, расторжения, прекращения и/или недействительности, подлежат окончательному урегулированию и разрешению в постоянно действующем арбитраже – Промышленный арбитражный суд (далее – Арбитраж, ПАС), находящемся по адресу: Республика Казахстан, город Астана, проспект Женис 4 – 10, адрес электронной почты <a href="mailto:promsud@bk.ru">promsud@bk.ru</a>, электронный сайт <a href="http://www.promsud.kz/">http://www.promsud.kz/</a>, в соответствии с его действующим Регламентом, в составе единоличного арбитра, избираемого (назначаемого) в соответствии с Регламентом Арбитража. Стороны пришли к соглашению, что применимым правом при арбитражном разбирательстве является нормы материального права Республики Казахстан. Стороны подтверждают, что с Регламентом Арбитража, Реестром Арбитров, Положением о сборах и расходах Арбитража ознакомлены и полностью согласны. Стороны соглашаются с тем, что, при передаче спора в постоянно действующий арбитраж, Регламент Арбитража рассматривается в качестве неотъемлемой части настоящего(-ей) арбитражного (-ой) соглашения (оговорки). Стороны договорились, что языком арбитражного разбирательства будет русский язык.</p>	<p>7.2. Тараптар осы Шартты орындау кезінде пайда болуы мүмкін барлық дауларды келіссөз жүргізу арқылы шешеді. Дауларды шешудің сотқа дейінгі (наразылық) тәртібі Тараптар үшін міндетті болып табылады. Осы шарттан (келісімнен, келісімшарттан) немесе оған байланысты туындайтын, оның ішінде оны жасауға, өзгертуге (толықтыруға), орындауға, бұзуға, тоқтатуға және/немесе жарамсыздығына қатысты, келіссөздер жолымен реттелмеген барлық даулар, келіспеушіліктер және/немесе талаптар тұрақты жұмыс істейтін төрелікте – Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Женис даңғылы 4 – 10 мекенжайы бойынша орналасқан, электрондық пошта мекенжайы <a href="mailto:promsud@bk.ru">promsud@bk.ru</a>, электрондық сайты <a href="http://www.promsud.kz/">http://www.promsud.kz/</a> Өнеркәсіптік төрелік сотта (бұдан әрі – Төрелік, ӨТС) оның қолданыстағы Регламентіне сәйкес, Төреліктің Регламентіне сәйкес сайланатын (тағайындалатын) жалғыз төрешінің құрамында түпкілікті реттелуге және шешілуге жатады. Тараптар төрелік қарау кезінде қолданылатын құқық Қазақстан Республикасы материалдық құқығының нормалары болып табылатыны туралы келісімге келді. Тараптар Төреліктің Регламентімен, Төрешілер тізілімімен, Төреліктің алымдары мен шығыстары туралы ережемен танысқанын және толық келісетінін растайды. Тараптар дауды тұрақты жұмыс істейтін төрелікке беру кезінде Төрелік Регламенті осы төрелік келісімнің (ескертпенің) ажырамас бөлігі ретінде қаралатынына келіседі. Тараптар төрелік қараудың тілі орыс тілі болып табылатынына келісті.</p>
<p>7.3. Стороны гарантируют конфиденциальность, не разглашение третьим лицам всей полученной друг от друга информации и/или документации по настоящему Договору, за исключением случаев, когда предоставление такой информации и/или документации обязательно для Сторон в соответствии с условиями настоящего Договора и/или действующим законодательством Республики Казахстан. В случае нарушения любой из Сторон обязательства, предусмотренного настоящим пунктом Договора, виновная Сторона обязуется возместить другой Стороне все причиненные этим убытки.</p>	<p>7.3. Тараптар бір-бірінен алған ақпаратты және/немесе осы Шарт бойынша құжаттаманы ұсыну Тараптар үшін осы Шарт талаптарына және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес міндетті болып табылатын жағдайлардан басқа жағдайларда, бұндай ақпараттың және/немесе құжаттаманың құпиялығына, үшінші тұлғаларға жарияланбайтынына кепілдік береді. Кез келген Тарап Шарттың осы тармағымен көзделген міндеттемелерді бұзған жағдайда, айыпты Тарап басқа Тарапқа бұнымен келтірілген шығындардың орнын толтыруға міндеттенеді.</p>
<p>7.4. Продавец гарантирует, что поставляемый Покупателю по настоящему Договору товар, надлежащим образом допущен уполномоченным органом Республики Казахстан к применению на территории Республики Казахстан и в отношении Товара у Продавца имеется необходимый документ, разрешающий его применение на территории Республики Казахстан, в том числе разрешение на право применения Товара на опасных производственных объектах Республики Казахстан. 7.5. Покупатель вправе требовать от Продавца вышеуказанный документ (если такой документ не был представлен вместе с поставляемым Товаром) в любое время зависимости от действия настоящего Договора, а Продавец обязуется представить такой документ в течение 10 календарных дней с момента получения соответствующего требования Покупателя. В случае не предоставления и/или несвоевременного предоставления вышеуказанного документа, Продавец возмещает Покупателю все причиненные этим убытки.</p>	<p>7.4. Сатушы осы Шарт бойынша Сатып алушыға жеткізілетін тауар Қазақстан Республикасының уәкілетті органымен тиісті түрде Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға жіберілетіндігіне және Сатушының Тауарға қатысты оны Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат беретін қажетті құжаты бар екендігіне кепілдік береді, оның ішінде Қазақстан Республикасының қауіпті өндірістік объектілерінде тауарларды пайдалануға рұқсат. 7.5. Сатып алушы Сатушыдан жоғарыда аталған құжатты (егер бұндай құжат жеткізілетін Тауармен қоса ұсынылмаса) осы Шарттың қолданылуына байланысты емес кез келген уақытта талап етуге құқылы, ал Сатушы бұндай құжатты Сатып алушының сәйкес талабын алған сәттен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде ұсынуға міндеттенеді. Жоғарыда аталған құжат ұсынылмаған және/немесе уақытылы ұсынылмаған жағдайда Сатушы Сатып алушыға осымен келтірілген барлық шығындардың орнын толтырады.</p>

<p>7.6. Все изменения и/или дополнения к настоящему Договору действительны только в том случае, если они составлены в письменной форме и утверждены уполномоченными на то представителями Сторон путем подписания дополнительного соглашения.</p> <p>В случае, если до и/или после заключения настоящего Договора, Сторонами или сотрудниками Сторон будут согласованы дополнительные условия исполнения обязательств Договора, уточняющие и/или дополняющие и/или изменяющие условия Договора без подписания дополнительного соглашения, в том числе, но, не ограничиваясь в форме составления протоколов совещаний, обмена письмами, электронными сообщениями и т.д., такие документы в случае их противоречия с условиями Договора не имеют юридической силы.</p> <p>7.7. В случае, если действующим законодательством Республики Казахстан и/или страны Продавца учредительными документами Продавца предусмотрена необходимость получения согласия (решения) уполномоченного органа юридического лица на заключение настоящего договора, то Продавец обязан в течение 5 (пяти) рабочих дней с момента заключения Сторонами настоящего договора, предоставить в адрес Покупателя, указанное согласие (решение) уполномоченного органа юридического лица, оформленное в установленном законодательством РК порядке. При этом срок действия такого согласия (решения) уполномоченного органа юридического лица должен быть распространен на отношения Сторон, возникшие на дату сформированного протокола об итогах проведения закупки товаров, работ услуг. В случае невыполнения данного требования Продавца в установленный настоящим договором срок Покупатель вправе приостановить (частично и/или в полном объеме) исполнение своих обязательств по настоящему договору без возмещения каких-либо убытков Покупателю до предоставления Продавцом соответствующего согласия (решения).</p> <p><i>(Данный пункт подлежит включению при условии суммы договора свыше 50 000 000 (пятьдесят миллионов) тенге, в т.ч. в эквиваленте).</i></p>	<p>7.6. Осы Шартқа жасалған барлық өзгерістер және/немесе толықтырулар, егер олар жазбаша түрде жасалған, қосымша келісімге қол қою жолымен Тараптардың уәкілетті өкілдері бекіткен жағдайда ғана жарамды болады.</p> <p>Егер осы Шартты жасауға дейін және/немесе кейін Тараптар немесе Тараптардың қызметкерлері қосымша келісімге қол қоюсыз, оның ішінде жиналыстар хаттамаларын құру, хат, электрондық хабарламалармен алмасу түрімен және т.б. шектелмей, Шарттың талаптарын нақтылайтын және/немесе толықтыратын және/немесе өзгертетін Шарттың міндеттерін орындаудың қосымша талаптарын келіссе, олар Шарт талаптарына қайшы келген жағдайда мұндай құжаттардың заңды күші болмайды.</p> <p>7.7. Егер Қазақстан Республикасының және/немесе Сатушы мемлекетінің қолданыстағы заңнамасымен және/немесе Сатушының құрылтай құжаттарымен осы Шартты жасасуға заңды тұлға уәкілетті органның келісімін (шешім) алу қажеттілігі көзделген болса, онда Сатушы Тараптар осы шартты жасасқан сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сатып алушының мекенжайына ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте ресімделген заңды тұлғаның уәкілетті органының көрсетілген келісімін (шешім) ұсынуға міндетті. Бұл ретте заңды тұлғаның уәкілетті органының мұндай келісімінің (шешім) әрекет етуі мерзімі тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жүргізу қорытындылары туралы жасалған хаттама күніне туындаған Тараптардың қатынастарына қолданылуы тиіс. Сатушы осы талапты осы Шартта белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда Сатып алушы Сатушыға қандай да бір залалдарды өтеусіз, Сатушы тиісті келісімді (шешім) ұсынғанға дейін осы Шарт бойынша өзінің міндеттерін орындауды тоқтатуға (жартылай және/немесе толық көлемде) құқылы.</p> <p><i>(Бұл тармақты шарттың сомасы 50 000 000 (елу миллион) теңгеден, оның ішінде эквивалентінен асқан кезде қосу қажет).</i></p>
<p>7.8. Покупатель вправе передать все или часть своих прав и обязательств по настоящему Договору какой-либо третьей стороне, в том числе своему аффилированному лицу (аффилированным лицам) без согласия Продавца. Покупатель обязан будет незамедлительно уведомить Продавца в случае такой передачи.</p> <p>7.9. Продавец не вправе передавать свои права и/или обязательства по настоящему Договору третьим лицам без письменного согласия на то Покупателя.</p> <p>7.10. Покупатель вправе в любое время и по любому основанию в одностороннем порядке отказаться от исполнения настоящего Договора (полностью или частично), оплатив Продавцу фактически поставленный надлежащим образом в соответствии с Договором и принятый Покупателем Товар. Об одностороннем отказе от исполнения настоящего Договора, Покупатель письменно уведомляет Продавца.</p> <p>7.11. Ни одна из Сторон не будет нести ответственность за полное или частичное неисполнение любой из своих обязанностей, если неисполнение будет являться следствием возникших после заключения Сторонами настоящего договора обстоятельств непреодолимой силы, а именно: пожар, наводнение, землетрясение, издание нормативных актов или распоряжений государственных органов, запрещающих или каким-либо образом препятствующих исполнению Договора, при условии, что эти обстоятельства сделали невозможным исполнение любой из Сторон своих обязательств по Договору. Отсутствие товаров на рынке, закрытие границ государства, а также девальвация не являются обстоятельствами непреодолимой силы. Срок исполнения обязательств по Договору отодвигается соразмерно времени, в течение которого действовали обстоятельства непреодолимой силы, а также последствия, вызванные этими обстоятельствами. Сторона, для которой создалась невозможность исполнения обязательств по настоящему</p>	<p>7.8. Сатып алушы Сатушының келісімінсіз қандай да бір үшінші тұлғаға, соның ішінде өзінің үлестес тұлғасына (үлестес тұлғаларына) осы Шарт бойынша өз құқықтарын және міндеттемелерін толық немесе оның бөлігін беруге құқылы. Сатып алушы осы жағдайда беру туралы сатушыға дереу хабарлауға міндетті.</p> <p>7.9. Сатушы осы Шарт бойынша өзінің құқықтарын және/немесе міндеттемелерін бұған Сатып алушының жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.</p> <p>7.10. Сатып алушы Шартқа сәйкес тиісті түрде нақты жеткізілген және Сатып алушы қабылданған Тауар үшін Сатушыға ақы төлеп, бір жақты тәртіпте кез келген уақытта және кез келген негіздеме бойынша осы Шартты орындаудан (толық немесе ішінара) бас тартуға құқылы. Сатып алушы осы Шартты орындаудан бір жақты бас тартатындығы туралы Сатушыға жазбаша хабарлауға міндетті.</p> <p>7.11. Тараптардың ешқайсысы, егер орындамау Тараптар осы Шартты жасасқаннан кейін туындаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының, атап айтқанда: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, Шарттың орындалуына тыйым салатын немесе қандай да бір түрде кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың нормативтік актілерін немесе өкімдерін шығару салдары болып табылса, осы мән-жайлар Тараптардың кез келгенінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына мүмкіндік бермеген жағдайда, өз міндеттерінің кез келгенін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапты болмайды. Нарықта тауарлардың болмауы, мемлекет шекараларының жабылуы, сондай-ақ девальвация еңсерілмейтін күш мән-жайлары болып табылмайды. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайлары болған, сондай-ақ осы мән-жайлардан туындаған залалдар болған уақытқа мөлшерлес кейінге шегеріледі.</p> <p>Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындай алмау жағдайы туындаған Тарап олар басталған күннен бастап күнгізбелік 10 күн ішінде екінші Тарапқа осы мән-жайлардың туындағаны туралы</p>

<p>Договору, обязана в течение 10 календарных дней с даты их наступления информировать другую Сторону о наступлении этих обстоятельств в письменном виде. Данные обстоятельства должны быть подтверждены уполномоченным государственным органом или иной уполномоченной организацией. Не уведомление или несвоевременное уведомление лишает Сторону права ссылаться на любое вышеуказанное обстоятельство, как основание, освобождающее от ответственности за неисполнение обязательства по Договору. Если невозможность полного или частичного исполнения обязательств Сторонами будет существовать свыше 60 календарных дней, каждая из Сторон вправе отказаться от дальнейшего исполнения обязательств по настоящему Договору. В таком случае ни одна из Сторон не будет требовать от другой стороны возмещения убытков.</p> <p>7.12 Покупатель вправе приостановить исполнение всех и любого из своих обязательств по настоящему Договору до момента официального объявления окончания пандемии, объявленной 11 марта 2020 года Всемирной организацией здравоохранения, связанной с распространением коронавирусной инфекции (COVID-19). В случае вышеуказанного приостановления обязательств Покупатель освобождается от любой формы ответственности, в том числе, в части возмещения причиненных убытков.</p> <p>7.13. Покупатель вправе в любое время в одностороннем порядке отказаться от исполнения настоящего Договора путем направления письменного уведомления в адрес другой стороны с даты направления соответствующего уведомления. В случае вышеуказанного отказа от исполнения Договора Покупатель освобождается от любой формы ответственности, в том числе, в части возмещения причиненных убытков.</p>	<p>жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Осы мән-жайларды уәкілетті мемлекеттік орган немесе өзге де уәкілетті ұйым растауы тиіс. Хабарламау немесе уақытлы хабарламау Тарапты Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген мән-жайға сілтеме жасау құқығынан айырады.</p> <p>Егер Тараптардың міндеттемелерді толық немесе ішінара орындай алмауы 60 күнгізбелік күннен асатын болса, Тараптардың әрқайсысы осы Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы. Мұндай жағдайда Тараптардың ешқайсысы екінші тараптан залалдарды өтеуді талап етпейді.</p> <p>7.12. Сатып алушы коронавирусты инфекцияның (COVID-19) таралуымен байланысты Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 2020 жылғы 11 наурызда жариялаған пандемияның аяқталуын ресми жариялаған сәтке дейін Шарт бойынша өзінің міндеттемелерінің барлығын және/немесе кез келгенін орындауды тоқтата тұруға құқылы. Жоғарыда аталған міндеттемелерді тоқтата тұру жағдайында Сатып алушы тигізілген шығындарды өтеу бөлігін қоса алғанда кез келген жауапкершілік нысанынан босатылады.</p> <p>7.13 Сатып алушы екінші Тараптың атына жазбаша хабарлама жолдау арқылы тиісті хабарламаны жіберген күннен бастап осы Шартты орындаудан кез келген уақытта бір жақты тәртіпте бас тартуға құқылы. Жоғарыда аталған Шартты орындаудан бас тарту болған жағдайда Сатып алушы кез келген жауапкершілік нысанынан, оның ішінде келтірілген шығындарды өтеуге қатысты жауапкершіліктен босатылады.</p>
<p>7.14. С момента подписания Договора все предыдущие устные или письменные договоренности Сторон в отношении предмета и условий настоящего Договора теряют свою силу.</p>	<p>7.14. Шартқа қол қойылған сәттен бастап осы Шарттың мәні мен талаптарына қатысты Тараптардың бұрын жасалған барлық ауызша немесе жазбаша келісулері өз күшін жояды.</p>
<p>7.15. Стороны признают юридическую силу копии Договора, подписанной уполномоченными лицами Сторон, полученной посредством направления по электронной почте. Каждая Сторона в обязательном порядке обязана подписать оригинал Договора в установленном количестве экземпляров и направить другой Стороне. Сторона не позднее одного рабочего дня с даты подписания Договора, направляет три его экземпляра на бумажном носителе в адрес другой Стороны нарочно или по почте. Получив Договор, Сторона обязана направить два его подписанных и скрепленных печатью экземпляра обратно в адрес отправившей Стороны не позднее следующего дня с момента его фактического получения. Отправка производится нарочно или экспресс-почтой с обязательным оформлением почтового уведомления о направлении/получении. В случае не направления в вышеуказанный срок Договора, Продавец по требованию Покупателя уплачивает неустойку в пользу Покупателя в размере 0,01 % от общей суммы Договора за каждый день просрочки. Покупатель также вправе по своему усмотрению приостановить проведение платежа по Договору в установленный срок оплаты по Договору на соразмерное количество просроченных дней по возврату оригинала Договора. Неустойка за просрочку платежа по Договору за эти дни Продавцом не начисляется.</p>	<p>7.15. Тараптар электрондық пошта бойынша жіберу арқылы алынған, Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған Шарттың көшірмесінің заңды күшін таниды.</p> <p>Әрбір Тарап Шарттың түпнұсқасына белгіленген данада қол қоюға және екінші Тарапқа жіберуге міндетті. Тарап Шартқа қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей оның үш данасын қағаз тасығышта екінші Тараптың мекенжайына қолма-қол немесе пошта арқылы жібереді. Тарап Шартты алғаннан кейін оның қол қойылған және мөрмен бекітілген екі данасын оны нақты алған сәттен бастап келесі күннен кешіктірмей жіберуші Тараптың атына кері жіберуге міндетті. Жөнелту жіберілгені/алынғаны туралы пошталық хабарламаны міндетті ресімдеумен қолма-қол немесе экспресс-пошта арқылы жүргізіледі.</p> <p>Шарт жоғарыда көрсетілген мерзімде жіберілмеген жағдайда, Сатушы Сатып алушының талап етуі бойынша Сатып алушының пайдасына мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,01% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді. Сатып алушы сондай-ақ өз қалауымен Шарт бойынша төлемді Шарт бойынша төлеудің белгіленген мерзімінде жүргізуді Шарттың түпнұсқасын қайтару бойынша мерзімі өткен күндердің мөлшерлес санына тоқтата тұруға құқылы. Сатушы Шарт бойынша төлемнің мерзімін өткізіп алған осы күндер үшін тұрақсыздық айыбын есептейді.</p>
<p>7.16. Продавец гарантирует, что поставляемый Покупателю по настоящему Договору товар, если он произведен за пределами Таможенного Союза, надлежащим образом оформлен в таможенных органах, и в отношении него уплачены все таможенные платежи и налоги, взимаемые по законодательству Республики Казахстан при импорте.</p>	<p>7.16. Сатушы осы Шарт бойынша Сатып алушыға жеткізілетін тауардың, егер ол Кедендік Одақ аумағынан тыс жерде жасалған болса, кедендік органдарда тиісті түрде ресімделгеніне және оған қатысты барлық кедендік төлемдер мен импорт кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша салынатын салықтардың төленгеніне кепілдік береді.</p>
<p>7.17. Все сообщения в ходе исполнения Договора должны направляться Сторонами в письменном виде, если иное не предусмотрено условиями Договора. При этом любые уведомления, направляемые Сторонами друг другу, должны быть оформлены по факсу (при условии наличия подтверждения о доставке, выданного факсимильным аппаратом), электронной</p>	<p>7.17. Тараптар Шартты орындау барысындағы барлық хабарламаларды Шарт талаптарымен өзгесі көзделмеген жағдайда, жазбаша түрде жолдауға міндетті. Сонымен қоса, Тараптардың бір-біріне жолдайтын кез келген хабарламалары факс (факсимильді аппарат берген жеткізілімді растау қағазы болу шартымен), электрондық пошта (алу туралы хабарламамен) немесе табыстау</p>

<p>почте (с уведомлением о получении) или по почте заказным письмом с отметкой о вручении, или вручены нарочно уполномоченным представителем или сотрудником Сторон с соответствующей отметкой о вручении. При этом все такие уведомления направляются Сторонами друг другу по адресам и иным контактными реквизитам, указанным в настоящем Договоре. В случае изменения юридического, почтового адреса и/или контактных реквизитов Продавец обязан уведомить об этом Покупателя в срок не позднее 3-х (трех) рабочих дней с даты таких изменений.</p>	<p>туралы белгісі бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жасалуы тиіс немесе Тараптардың уәкілетті өкілдеріне, не болмаса қызметкеріне табыстау туралы белгісімен табысталуы тиіс. Тараптар осы кезде осындай барлық хабарламаларды бір-біріне осы Шартта және/немесе Шартқа жасалған қосымша келісімдерде көрсетілген мекенжайлар мен өзге реквизиттер бойынша жолдайды. Заңды, пошта мекенжайы және/немесе байланыс реквизиттері өзгерген жағдайда Сатушы ол туралы Сатып алушыға осындай өзгерістер болған күнінен 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға міндетті.</p>
<p>7.18. Все приложения к настоящему Договору, подписанные уполномоченными представителями Сторон являются его неотъемлемыми частями. Во всем ином, что не предусмотрено условиями настоящего Договора, Стороны руководствуются Положением о системе электронных торгов в ТОО «Корпорация Казахмыс», акцептованном Продавцом на момент его регистрации в качестве участника системы электронных закупок, а также действующим законодательством Республики Казахстан. Продавец гарантирует, что на момент подписания настоящего Договора он ознакомлен с последней редакцией вышеуказанного Положения и принимает на себя все обязательства предусмотренные в нем.</p>	<p>7.18. Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған осы Шарттың барлық қосымшалары оның ажырамас бөліктері болып табылады. Осы Шарттың талаптарында, Тараптар Сатушымен электрондық сауда-саттық жүйесіне қатысушы ретінде тіркелген сәтте акцептелген «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-дағы Электрондық сауда-саттық жүйесі туралы ережені, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады. Сатушы осы Шартқа қол қою сәтінде ол жоғарыда көрсетілген Ереженің соңғы редакциясымен танысқанына және онда көзделген барлық міндеттемелерді өзіне қабылдайтынына кепілдік береді.</p>
<p>7.19 Продавец гарантирует, что на момент заключения настоящего Договора в отношении него не введены ограничительные политические и/или экономические меры (далее - Экономические санкции), введенные США, странами Европейского союза и иными странами мира, и/или Продавец не вовлечен в какие-либо сделки (сделку), в отношении которых можно обоснованно предположить, что такие сделки будут нарушать Экономические санкции и/или будут использованы в пользу лиц, включенных в санкционный список. В случае, если после заключения настоящего Договора в отношении Продавца будут введены Экономические санкции, и/или Продавец будет вовлечен в какие-либо сделки (сделку), в отношении которых можно обоснованно предположить, что такие сделки будут нарушать Экономические санкции и/или будут использованы в пользу лиц, включенных в санкционный список, то Продавец обязуется письменно уведомить об этом Покупателя в течение 5 (пяти) календарных дней с момента наступления вышеуказанных обстоятельств. В случае установления факта введения в отношении Продавца Экономических санкций, и/или факта вовлечения Продавца в какие-либо сделки (сделку), в отношении которых можно обоснованно предположить, что такие сделки будут нарушать Экономические санкции и/или будут использованы в пользу лиц, включенных в санкционный список, Покупатель вправе в одностороннем порядке отказать от исполнения настоящего Договора и расторгнуть его, путем направления письменного уведомления в адрес другой стороны с даты направления соответствующего уведомления. В случае вышеуказанного отказа от исполнения Договора и его расторжения, Покупатель освобождается от любой формы ответственности, в том числе в части возмещения причиненных убытков. В случае не уведомления или несвоевременного уведомления Продавцом Покупателя о наступлении вышеуказанных обстоятельств, Продавец по первому требованию Покупателя обязан возместить Покупателю все причиненные убытки.</p>	<p>7.19. Сатушы осы Шарт жасалған кезде оған қатысты АҚШ, Еуропалық Одақ елдері және әлемнің басқа да елдері енгізген шектеуші саяси және/немесе экономикалық шаралар (бұдан әрі - Экономикалық санкциялар) енгізілмегеніне және/немесе Сатушының мұндай мәмілелер Экономикалық санкцияларды бұзады және/немесе санкциялар тізіміне енгізілген тұлғалардың пайдасына пайдаланылады деп негізді түрде болжауға болатын қандай да бір мәмілелерге (мәмілеге) қатыспайтындығына кепілдік береді. Егер осы Шарт жасалғаннан кейін Сатушыға қатысты Экономикалық санкциялар енгізілсе және/немесе Сатушы мұндай мәмілелер Экономикалық санкцияларды бұзады және/немесе санкциялар тізіміне енгізілген тұлғалардың пайдасына пайдаланылады деп негізді түрде болжауға болатын қандай да бір мәмілелерге (мәмілеге) қатысса, онда Сатушы бұл туралы Сатып алушыға жоғарыда көрсетілген мән-жайлар туындаған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабарлауға міндеттенеді. Сатушыға қатысты Экономикалық санкцияларды енгізу фактісі және/немесе Сатушының мұндай мәмілелер Экономикалық санкцияларды бұзады және/немесе санкциялар тізіміне енгізілген тұлғалардың пайдасына пайдаланылады деп негізді түрде болжауға болатын қандай да бір мәмілелерге (мәмілеге) қатысу фактісі анықталған жағдайда, Сатып алушы тиісті хабарлама жіберілген күннен бастап екінші Тараптың атына жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және оны бұзуға құқылы. Жоғарыда көрсетілген Шартты орындаудан бас тартқан және оны бұзған жағдайда, Сатып алушы жауапкершіліктің кез келген нысанынан, оның ішінде келтірілген залалды өтеу бөлігінде босатылады. Сатушы Сатып алушыны жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың басталғаны туралы хабардар етпеген немесе уақтылы хабардар етпеген жағдайда, Сатушы Сатып алушының бірінші талабы бойынша Сатып алушыға келтірілген барлық шығындарды өтеуге міндетті.</p>
<p>7.20. Договор составлен в двух экземплярах на государственном (казахском) и русском языках, имеющих одинаковую юридическую силу, из которых один экземпляр передается Покупателю, один - Продавцу. В случае выявления разночтений текст Договора на русском языке имеет приоритет.</p>	<p>7.20. Шарт мемлекеттік (қазақ) және орыс тілдерінде, бірдей заңды күшіне ие екі данада жасалды, олардың бір данасы Сатып алушыға, бір данасы - Сатушыға беріледі. Шарт мәтіндері әр түрлі оқылған жағдайда орыс тіліндегі мәтінге басымдық беріледі.</p>
<p><b>8. РЕКВИЗИТЫ И ПОДПИСИ СТОРОН / ТАРАПТАРДЫҢ РЕКВИЗИТТЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ:</b></p>	
<p><b>Покупатель / Сатып алушы:</b></p>	<p><b>Продавец / Сатушы:</b></p>

MO/MIИ _____	MO/MIИ _____